

«Құмай ауылының негізгі орта мектебі» КММ

2023-2024 оқу жылындағы
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
бойынша педагог-
ПСИХОЛОГТЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ.

Дайындаған:
Мектеп психологы Хиса Л.Ж

2024ж

5 сынып оқушыларының бейімделуі

Мектепте 1 сынып жоқ болғандықтан бейімделу жұмыстары 5 сыныппен ғана жүргізілді. 5 Сыныппен жүргізілген жұмыстар:

- 1.«Мен 5 сыныптамын» тренингы жүргізілді;
- 2.Бейімделу бойынша сауалнама жүргізілді;
- 3.Мектеп директоры және пән мұғалімдерінің рұқсатымен сабақтарға қатысып, бақылау жүргіздім.

Жүргізілген жұмыстар бойынша жасалған жұмыстың қортындысы:

Сыныпта барлығы 5 оқушы оқиды. 3 ұл бала және 2 қыз бала оқиды. Сыныппен жұмыс жасауда адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге басты назар аударылды: дербестікті, белсенділікті, жауапкершілікті дамыту.

Оқушылардың психологиялық жағдайына, тәртіптеріне, сабаққа деген қызығушылыққа көңіл аударылды. Негізінен барлық қойылған міндеттер орындалды. Сынып сағаты өткізілді, сабақтарда бақылаулар жүргізілді.

Үш оқушы сыныпта үздік оқиды. Олар: Сауатбеков Рауан, Сәтім Айару, Додай Назлы. Екпінді буында бітірген Муканов Амирхан, Кузнецов Альмир. Сыныптағы жұмысқа қабілеттілігі мен тәртібі: сабақтардағы оқушылар ынтасы үлгілі және жақсы, сыныптағы тәртіп жақсы, сабақтардағы атмосфера және пән мұғалімдерімен өзара әрекеттесу: 5-сынып оқушылары мұғалімдерге және бір-біріне құрметпен қарайды.

Оқушылардың бейімделу деңгейі орташа. Басқа пән мұғалімдерімен жұмыс жасауға дағдыланып жүр.

Келесі оқу тоқсандарында келесі міндеттер белгіленген:

- 1.Сынып ұжымын дамыту бойынша жұмысты жалғастыру: жоғары деңгейдегі ұйымшылдыққа қол жеткізу.
- 2.Оқушылардың интеллектуалды дамуына ықпал ету үшін жағдай жасау (сынып үлгерімін сақтау – 100%, оқушылардың білім сапасын арттыруға қол жеткізу, сабаққа қатысуларына 100% қол жеткізу).
3. Сыныптан тыс жұмыстарға қызығушылықты дамытуды жалғастыру. Өткізілген іс-әрекеттің талдауы балалардың шығармашылық белсенділігінің дамуын, зияткерлік дағдыларының қалыптасуын көрсетті, балалар дербестік пен жауапкершілікті көрсетті.

	Төмен	Орташа	Жоғары
№	0	40%	60%

Әлімжеттік және буллинг

Буллинг тақырыбында мектепте өткізілген шаралар:

- 1.«Жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын-алу» тақырыбында ақпараттық бұрыш құрылды
- 2.«Мен әлімжеттікке қарсымын» атты оқушыларға жадынамалар таратылды.
- 3.5-9 сынып аралығында «Әлімжеттіксіз балалық шақ» тақырыбында дөңгелек үстел құрылды.
- 4.Екінші тоқсан басталғанда ақпараттық бұрыш жаңартылды.





«10 қазан-дүниежүзілік психологиялық денсаулық»
2-4 сынып аралығында психологиялық акция "Із кесуші" ойыны жүргізілді
5-9 сынып аралығында «Психологиялық денсаулық» флешмоб билетілді.



Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ

1.5-9 сынып аралығында «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тренингі өткізілді

2.«Жеті болмайды» жадынамасы оқушыларға және ата-аналарға таратылды.

3.«Бақытты отбасы» ата-аналарға видеоролик көрсетіліп,талқыланды.



Ата-аналар жиналысы

«Мен және менің отбасым» тақырыбында жиналыс өтті.

Жиналыс мақсаты:Әр баланың тәрбиесіне ата-ананың белсене араласуын маңызын арттыру.Мұғалім мен ата-аналардың өзара қатынасы міндеттерінің ең маңыздысы-психологиялық-педагогикалық білімдерін көтеру болып табылады. Ата-аналарға психолог қызметінің маңызы түсіндіріліді. Ата-аналарға тренинг өткізілді және баяндама оқылды. Өткізілген шаралар:

1.Шаттық шеңбері

2.Тренинг

3.Ситуациялық сұрақтар

4. Қортындыға тәтті шоколадтар таратылды.



Психология апталығы

Уақыты	Тақырыбы	Іс-шара
4 желтоқсан	«Психологиялық апталық ашылуы»	«Психология апталығы» стенд, мерекелік әсемдеу «Біз бақытты баламыз» таңғы сәлемдесу «Сиқырлы себет» акциясы «Жүректен-жүрекке» бір-біріне тілек жазу
6 желтоқсан	Жақсы көңіл-күй күні	«Біз біргеміз» арт-терапия «Жоқ жануардың суретін салу» ойыны «Жақсы жанға сыйлық» науқаны «УНО» ойыны
8 желтоқсан		«Барлығы билейді!»

	«Апта қорытындысы»	науқаны «Психология қызық!» викториналық ойыны «Психология апталығын қорытындылау» сап түзеу
--	--------------------	--



Жоспар бойынша жүргізілген жұмыстар:

1. Г.В.Резапкина «Мазасыздық деңгейін анықтау»
2. 9 сыныпқа кәсіптік бағдар беру жұмыстары
3. 9 сынып «Менің болашақ мамандығым» тренинг
4. Өткізілген сынып сағаттары
5. Сабақтарға қатысып, бақылау жүргізілді
6. «Мультфильмдер: олардың бала психикасына әсер етуі»
7. Суицидтің алдын-алу «Үмітсіздіктен үмітке» ата-аналармен дөңгелек үстел

АЛКОГОЛЬ - СЕНІҢ ЖАУЫҢ

Адамзаттың арақтан шегіп отырған қасіреті сұмдық. Оның ата мен ананың, ару жардың, ұл мен қыз, сәбилердің өмірін өксітіп, жүректерін қан жылатып, ел бетіне қарағысыз күйге жеткізгенін айту мүмкін емес. Соған қарамай соңғы кезде бұл зиянды әдеттердің өрісі таралу тұрмақ, барған сайын өрелеп, етек алып бара жатыр. Жастардың салауатты өмір сүруі үшін бұл мәселе әрқашан өзекті болып қала бермек.

Тәрбие шарасының тақырыбы: “ "Алкоголь - сенің жауың!" !” Мақсаты: Оқушылардың алкоголь туралы білімін Оқушылардың алкоголь туралы білімін толықтыру; толықтыру; Олардың спирттік ішімдіктерге қарым- Олардың спирттік ішімдіктерге қарым- қатынасын анықтау; қатынасын анықтау; Спирттік ішімдіктерден аулақ болуға Спирттік ішімдіктерден аулақ болуға шақыру, тәрбиелеу. шақыру, тәрбиелеу. Әдісі : Диалог, әңгіме, пікірталас.



Нашақорлыққа жол бермейік!

Сабақ мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға үйрету.
 Ғасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер – темекі шегу, есірткі заттарды пайдаланудан аулақ болуға шақыру.
 Адамгершілік, имандылыққа тәрбиелеу.



Ерте жүктіліктің алдын алу қыздар жиналысы
 1. Үлгілі үйдің қыздары (Қыздар жиналысы) Мақсаты: қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз бала

гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға үйрету; өз бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру; қызарды инабатты қыз болып өсуге баулу. 2.«Қызға 40 үйден тыйым» (Тәрбие сағаты) Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани -адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. Жеке бас гигиенасын сақтауға, әдепсіз болмауға тәрбиелеу.

Суицид алдын-алу

Диагностикалық бағыты - бойынша 6,7,8,9 сынып оқушыларына “Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша сауалнама алынды. Мақсаты: Жоғары қауіп тобына жататын оқушыларды анықтау.

Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлға аралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту.



Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша суицид вахтерларын оқытып, дәрістер жүргізілді. Хаттамалары толтырылды.

26.09.2023 – 30.05.2024 жылы “Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу” бағдарламасы бойынша ата-аналарға дәріс жүргізіліп, оқушылардан сауалнама алуға ата-аналардан келісім алынды.



Менің болашақ мамандығым

Кәсіби бағыт-бағдарға байланысты «Мамандық таңдауда қателесуге бола ма?» атты психологиялық тренинг сабақ өткізілді. Болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу.





Ата-аналар жиналысы



2-сәуір Дүниежүзілік аутизм туралы ақпараттандыру күні

2- сәуірден бастап аутизм мәселесі туралы ақпарат тарату күні деп аталады, бүгін, 3- сәуірде, 1-9 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді, оның барысында сынып жетекшілері оқушыларға сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасау қиын болған адамдар туралы айтып берді.



Қорытынды

Оқу жылының басынан жарты жылдық қорытынды бойынша мектепте оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын – алу жұмысы мен қауіпсіздік ережелерін ескерту жұмысы жүргізіліп отырды. Кәмелетке толмағандармен құқық бұзушылықтардың алдын - алу жұмыстарын жүргізу үшін құқықтық негіздерді мектеп жағдайында қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізілді. Жұмыс барысында кәмелетке толмағандардың заңға мойын ұсынушылық мінез - құлқын қалыптастыру, олардың бойында имандылық пен салауатты өмір салтының негіздерін дамыту бағытындағы негізгі шараларды жүзеге асыру мақсатында жұмыстар жүргізілді. Себепсіз сабақ қалдыратын оқушыларды анықтау, есепке алу сияқты тиісті шараларды болдырмау үшін жұмыстарымен таныстырылып отырды

2023–2024 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып, құқық бұзушылықтың алдын - алу отырысының кестесі құрылып, балаларға сақтық шаралары түсіндірілді. Құқық бұзушылықтың алдын – алу бойынша мына төмендегі жұмыстар жүргізілді. Кәмелетке толмағандармен құқық бұзушылықтармен, қадағалаусыз, панасыз қалудың алдын – алу мақсатында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесе жұмыс жасайтын мектеп әкімшілік тарапынан қадағалайтын кеңесте сақтық шаралары құрылды. «Мектепке жол» тақырыбындағы Республикалық ұйымдастырылған акция бойынша мектепке қарасты аумақта директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, мектеп педагог – психологы тарапынан рейд жұмыстары жүргізілді.

Педагог-психолог:

Хиса Л.Ж.